



«КаР-Тел» ЖШС

Қол қойылған. "Бұйрықтар" № 231/2020 күні 21.05.2020.
Жоба № 1448

«КаР-Тел» ЖШС
Мемлекеттік
құрылымдармен жұмыс
істеу және реттеу мәселелері
директорының
№ _____ 2020 ж
бұйрығымен бекітілген

**«КаР-Тел» ЖШС ЖИНАЙТЫН,
АБОНЕНТТЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

Нұр-Сұлтан қ.
2020 ж.

2013 жыл 21 мамырдағы N 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бап, 2-тармақ, 1-тармақшасы бойынша, дербес деректер қорының иесі және (немесе) оператор өз міндеттерін орындауы үшін қажет әрі жеткілікті дербес деректер тізімін бекітуге міндетті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқа жағдай қарастырылмаса.

Жоғарыда айтылғанның негізінде және дербес деректерді өңдеу кезіндегі заңдылық, адам мен азаматтың құқықтарын қорғау және еркіндігі қағидаттарын басшылыққа ала отырып, «КаР-Тел» ЖШС байланыс қызметтері мен оған қатысты басқа да қызметті ұсынуы үшін жинайтын, абоненттердің дербес деректерінің осы тізімі бекітілді.

«КаР-Тел» ЖШС жинайтын, абоненттердің дербес деректерінің тізімі

1. Тегі;
2. Аты;
3. Әкесінің аты;
4. Туған күні;
5. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
6. Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;
7. Жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні;
8. Тұратын жері;
9. Қызмет көрсетілетін мекенжай;
10. Телефондардың нөмірі;
11. Электронды пошта мекенжайы;
12. Шарт жасалған күн;
13. Ұялы байланыс абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды;
14. Қолы;
15. Абонентке байланыс қызметін көрсету кезінде Оператор алған, соның ішінде тарифтелу мен төлем шотын ұсыну кезінде қолданылатын, мәлімет.

Қосымша қызмет түрлерін көрсету үшін «КаР-Тел» ЖШС жинауы мүмкін дербес деректердің тізімі:

1. Әлеуметтік желілердегі аккаунттар;
2. Дербес қалаулары;
3. Жеке байланыстары;
4. Төлем карталарының нөмірлері;
5. Қолданатын абоненттік құрылғысының үлгісі;
6. Абоненттік құрылғыдағы операция жүйесінің нұсқасы;
7. IP-мекенжай, MAC-мекенжай, IMSI;
8. Геолокация деректері;
9. Біздің интернет-сайттарға кірген кездегі cookie;
10. Биометрика деректері;
11. «КаР-Тел» ЖШС-ның абоненттердің дербес деректерін жинауына, өңдеуіне және қорғауына қатысты Саясатта көрсетілген жинау әрі өңдеу мақсаттарына жету үшін қажет басқа деректер.